

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 21 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 08 желтоқсанда № 4629 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 30 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 24.12.2015 № 30 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 3-6/232 ұсынысы негізінде Көптоғай ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :**

1. Көптоғай ауылдық округінің "Қуандық" шаруа қожалығы аумағында ұсақ малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Көптоғай ауылдық округінің әкімі:

Г Амирова